



Гиперинфляция: 1920 жылдардағы Германия

Сабақтың негізгі мазмұны

Бұл фильмде 1920 жылдары Германия экономикасының құлдырауына алып келген гиперинфляция туралы айтылады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германия үкіметі әскери репарация төлемдері үшін ақша басып шығара бастайды. Бұл өз кезегінде 1923 жылы бағаның ай сайын 900%-ға өсуіне әкеліп, елде гиперинфляция басталады. Нәтижесінде үш айдағы бағаның өсу көрсеткіштері экранда көрсетіледі. Инфляцияға анықтама беріліп, ондық көбейткішке мысал келтірілген. Гиперинфляцияның анықтамасы беріліп, экран бетінде миллиард болмаса, миллион марка тұратын күнделікті сұраныстағы тауарлар көрсетілген.

Аталған фильмді көру барысында көрсеткіштік белгілеу туралы алдын-ала білімнің болғаны жөн. Және де бұл фильм экономика саласын зерттеушілерге аса қызық болары анық.



Негізгі нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Сандарды күнделікті жеке өмірде, үйде және қоғамдық ортада қолдана білу.
- Пайыздардың көбейтіндісін ондық бөлшек түрінде жаза білу. Мысалы, 120-ның 15%-ы = $0,15 \times 120$.
- Өртүрлі уақыт аралықтарындағы пайыздық өзгерістерді анықтау үшін ондық көбейткіштер мен көрсеткіштік белгілерді қолдана білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Берілген пайыздың берілген санға әсерін оны сәйкес келетін ондық бөлшекке көбейте отырып, анықтаңыз.
- Қайталанатын пайыздық өзгерістің әсерін есептеу үшін ондық көбейткіштерді сәйкес дәрежеге ұлғайтыңыз.
- Оқушылардың алғаш мектепке барған кезде сатып алған тауарларының нақты құнын біліңіз.

Қосымша нәтижелер

Сабақтың негізгі мақсаттары

- Өртүрлі уақыт аралықтарындағы пайыздық өзгерістерді анықтау үшін ондық көбейткіштер мен көрсеткіштік белгілерді қолдана білу. Мысалы, айына 10% жылына +214%-ға тең және керісінше.
- Белгісіз дәрежеге ұлғаятын көбейткіштердің пайыздармен біріктірілуіне қатысты есептер шығара білу.
- Кері пайызға қатысты тапсырмалар орындап, оларды анықтай білу.

Ұсынылатын жаттығулар

- Инфляция ырғағының күнделікті, апталық, айлық және жылдық түрлендіруін орындаңыз.
- Белгілі бір жылдар аралығында екі еселеуге қажетті жылдық пайыздық өзгерісті есептеңіз. Мысалы, әрбір 14 жыл сайын бағаны 5% инфляцияға көбейтіңіз.
- Қандай тауарлардың бүгінгі бағасын сақтап қалғанын және инфляцияның тарихи темпін анықтаңыз.

Ұқсас фильмдер



Сабақ жоспарына дейін қолдану:

Халқы ең тығыз қоныстанған мемлекет

Бұл фильмде үлкен мен ірі арасындағы қатынастың математикалық жолмен өрнектелуі қарастырылады.

Сіз АҚШ-тан да көп қарыз бола аласыз ба?

Бұл фильмде небәрі бірнеше жыл ішінде өте жоғары пайыздық мөлшерлемемен алынған аз ғана несиенің қарызға белшеден батуға себеп болатындығы талқыланады.

Сабақ жоспарынан кейін қолдану:

Императордың шахмат тақтасы

Бұл фильмде қарапайым марапаттаудың әрбір шахмат шаршысы қосылған сайын екі есе көбейіп отырғандығы айтылады.

Сабақ жоспары

Кіріспе

Оқушылардан инфляция деген не деп сұраңыз. Және инфляцияға мысал келтіруді тапсырыңыз. Мысалы, бір бөлке нан бүгін 60 теңге тұрса, ертең оның бағасы 66 теңгеге тең болатындығы сияқты. Біздің елімізге инфляцияның қандай деңгейі тән екенін сұраңыз. Жаңалықтарда көрсетілетін инфляция көрсеткіштерінің әрдайым жылдық инфляция екенін ерекшелеп айтыңыз. Олардан қандай да бір инфляцияның шекті деңгейіне жеткен жағдайы туралы не білетіндерін сұраңыз. Талқылауды негізгі тақырыппен қорытыңыз.

Фильм көрсету



Гиперинфляция: 1920 жылдардағы Германия

Негізгі жаттығулар

Негізгі деңгей

Оқушыларға пайыздық өсімді ондық көбейткіш түрінде (мұнда 20%-дық өсім 1,2-ге көбейткенге тең болады) сипаттауды көрсетіп, осы әдісті инфляцияның жылдық ырғағына бағаның әсерін табуда қолданыңыз. Екі жылдық мысалмен жұмыс істеп, оның жауабы ондық көбейткіштің екі дәрежесінің есептелуімен анықталатынын көрсетіңіз. Мысалы, $баға \times 1,2^2$. Аталған әдісті тексеру үшін жаттығулар орындаңыз.

Тереңдетілген деңгей

Калькулятордың көмегімен санның берілген дәрежесін, оның ішінде бөлшек дәрежесін қалай табуға болатынын көрсетіңіз. Жоғарыда айтылған ондық көбейткіш әдісіне ауысып, инфляция ырғағының күнделікті, апталық, айлық және жылдық түрлендіруін орындауда қолданыңыз. Мысалы, ай сайынғы 10% инфляция ырғағы жағдайында, жылдық инфляция ырғағы қандай болады? Жылдық инфляция ырғағы 50% болғанда, күнделікті инфляция ырғағы неге тең? Аталған әдісті тексеру үшін жаттығулар орындаңыз.

Қосымша жаттығулар

Оқушылардың мектепке алғаш барған уақытын анықтап, сол уақыттан бергі орташа жылдық инфляция ырғағын есептеңіз. Осыны оқушылардың алғаш мектепке барғанда сатып алған тауарларының нақты бағасын есептеуде қолданыңыз. Мысалы, егер бір шоколад плиткасы бүгінгі күні 150 теңге тұратын болса, ал инфляция соңғы 10 жыл ішінде 3%-ға өскен болса, онда 10 жыл бұрын дәл осы шоколад плиткасы

$$150 \div (1,03)^{10} = 111 \text{ теңге тұрған болар еді.}$$


Содан соң, 100 жыл бұрынғы, яғни Бірінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі тауарлар бағасын анықтау үшін осы әрекетті қайталаңыз. Осы кезеңдегі инфляция ырғағының анағұрлым жоғары әсерін құраңыз.

Міндетті емес қосымша тапсырмалар

1920 жылдардағы Германия гиперинфляцияның классикалық мысалы болып табылады, алайда онда өзге мемлекеттер болды ма? Гиперинфляция әсеріне ұшыраған басқа елдер туралы біліңіз. Оларға не болған, олар қалай әрекет еткен және олардағы инфляция ырғағының деңгейі бүгінгі таңда қандай деңгейде екенін анықтаңыз.



Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Германиядағы гиперинфляцияға байланысты бір доллар триллион маркаға айырбасталды.



Мына график қағаз маркаға есептелгендегі бір алтын марка құнын көрсетеді. 1923 жылға қарай Германиядағы инфляция айына 900%-ды көрсетті.